

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 11 қазандағы N 1017 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 5 тамыздағы № 796 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі" деген бөлімде:

"Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық авиация қызметі жөніндегі комитеті" және "Әуе көлігі" деген кіші бөлімдер мынадай редакцияда жазылсын:

### **"Әуе көлігі**

60 Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің "Қазаэронавигация" әуе жүрісін басқару және ұшуды радиотехникалық қамтамасыз етудің жер үстіндегі құралдары мен электр байланысын техникалық пайдалану жөніндегі шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны Алматы қаласы;

60а Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитетінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазаэрожобалау" республикалық мемлекеттік кәсіпорны Алматы қаласы";

реттік нөмірі 60-2-жол мынадай редакцияда жазылсын:  
"60-2 "Қазақстан Республикасы Көлік және  
коммуникация министрлігінің  
"Ақпараттық-тұсаукесер орталығы"  
республикалық мемлекеттік қазыналық  
кәсіпорны (жедел басқару құқығында) Астана қаласы";

2) (Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2007.12.06. N 1193 (қолданысқа  
енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) Қаулысымен).

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа  
енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі*